

ҒТАХР 17.09

Абиыр А.¹

¹Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЗАМАН МЕН ҚОҒАМНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа: Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қоғам мен адамға түскен ауыртпалықтың сырын ашып, қазіргі қоғамдағы жастардың басына түскен түрлі әлеуметтік мәселелер ақындардың поэзиясында көрініс тапқан. Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет үшін ең қиын мәселе жалпы әдебиет қоғамға керек пе немесе қажетсіз бе деген екіұшты ұғымды бірізге түсіруден басталғанын білеміз. Қоғамдық ортада материалдық қажеттіліктер алдыңғы қатарға көтерілген уақытта, рухани құндылықтардың мәні төмендей түскені анық. Қоғамда қалыптасқан әлеуметтік психологияның шығармашылық иесіне әсері. Сонымен қатар әдебиеттің дамуына сыртқы және ішкі факторлардың әсер еткенін білеміз.

Бұл ретте қоғамдық қоршаған ортаның маңызы өте зор. Сыртқы факторлар ретінде ата-бабамыз ертеден аңсаған егемедік, азаттық.

Кілт сөздер: поэзия, әдебиет, қоғам, тұлға, психология.

Ішкі факторлар олар саяси -әлеуметтік жағдайдың тұйыққа тірелуі, адамдардың, соның ішінде шығармашылық субъектілерінің өздерінің әлеуметтік жағдайларының нашарлауы тәуелсіздіктің ішкі жағындағы кедергілерді көрсетсе керек. Ақынды армыз сыртқы факторларды сіңіре отырып, олардың трансформациялануы арқылы жаңа туындыларды дүниеге әкелді. Осыдан барып жалпы поэзиялық шығармаларды жайлаған мұңлы сарын, қиналыс пен күйзеліс, қатулы кабақ- күй пайда болды. Мысалы: Б. Алдиярдың

Тағдырымның ап-ащы тамшылары,
Терезесін жанымның сан шылады.
Қоғамды адам, адамды қоғам алдап,
Жорамалдап күн кешу таңсық әлі.
Мұқтажық пен толса өмір мұңға,
Мойын бұрар өлең мен кім ғазалға?!
Көк бөрідей тараған көркем халық,
Ертең барып тұра ма «құлбазарға» [1;31б.]

Өзгерді бүгінгі қоғам –
Көз көрді түрін жаман.
Кез келді Ақиқаттың,
Көмейін тығындаған.

Тағдырды мойындадық,
Әр күнді уайымдадық.
Жақсылар жасып қалды,
Жаманның жайын бағып. [2;54б.]

Ақындардың тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі қоғамда көрініс алған әлеуметтік тұрмысты, ұлт тағдырын, халық жағдайын баяндайды. Аталған өлеңнен ақынның азаматтық тұлғасы мен позициясы айқын көрінеді. Қоғамның мұндай ашық сипатты суретін жиырмасыншы ғасырдың басындағы алаш ардақтыларының жазып қалдырған шығармаларынан көреміз.

XXI ғасыр басындағы қазақ поэзиясы қоғам мен жаңа заман дамуын, жаңа қоғамдық құндылықтардың қалыптаса бастауын, жаңа мен ескінің психологиялық бейнесін, ұлттың саналық деңгейін өте шебер жырлап келеді. Қазіргі қазақ қоғамының көрінісін дөп басады.

Мен тек қаңбақ боламын ба?
Заман – соққан боранда.
Өмір сүру қиын-ақ,
Жылуы жоқ қоғамда...

(С. Қамшыгер «Мен тек қаңбақ боламын ба...»)

Заманның жүгі теңелмей баратқанда ауып,
Ит-өмір қоса жармасар балақтан қауып
(Б. Беделханұлы «Сайтан іздер»)

Ғасырлар тоғысында қашан болсын өзгерістер дүмпулер жиі болады. XXI ғасыр басындағы қазақ өлеңі өзгеше. Көңіл сүйсіндіреді, санаға қонымды, жүрекке жағымды. Қазақ елінің тәуелсіздікке қолы жетіп, етегін жапқаннан бері поэзия еркін тыныс алып келеді. Оған қазіргі жастар поэзиясы – куә. Қоғам, заман туралы тақырыпта жас ақындардың құлашы кең. Ақын бұл өлеңде бүкіл қазақ елін еңсесін тік ұстауға шақырады.

Адамның көркемдік танымына тән қоғамдағы жат, оғаш, қисынсыз жағдайларды сатиралық және символикалық арнада суреттеу тәсілі – әдебиетте бұрыннан келе жатқан дәстүр. Қоғамдағы әлеуметтік мәселелерде кетіп жатқан кемшіліктер, заманның теріс ағымы, тіпті, адам санасындағы о жар сүреңсіз қылықтар, әділетсіздіктер сияқты негатив дүниелерді ақындардың шындықпен айтуы қазақ ғұрпында ежелден бар қасиет. Тек заманның, дәуірдің өз мақсат-мүдделеріне орай өзгеріп отырады. Ақын қоғамдағы кемшілікті айту, замана шындығын бүкпей жырлау арқылы әдебиет тарихына енуі керек.

Қоғам дамуындағы ірі өлшемдер категориясында міндетті түрде уақыт үлкен рөл атқарады. Адам санасы мен ақылының парасат таразысы болып, көбінесінде, уақыт көрінеді. Уақыт мәселесі адам мен қоғам

арасындағы мәңгілік кеңістіктік байланыс ретінде шиырланып, өзара шендесіп, қабысыпижатады. Өнерде, соның ішінде Сөз өнерінде уақыт бірлігі, тіпті, әсерленіп, асқақтап, шырқау шыңға биіктеп кетеді. Поэзияда уақыт ешқандай салмақпен, көлеммен өлшенбейді, оның ғана кеңістігі бар.

Ақын уақытты тарихтың қатпар-қатпар қойнауларынан әрі ұшырып сонау он бірінші ғасырдан шығады. Ұғымы – ХХІ ғасырдағы «мүжілген» қазақтың күйін ХІ ғасырдағы өр қазақпен уақыт өлшемі арқылы салыстыру. Өлеңнің уақытты «сол кез», «ол кез» сияқты сілтеме түсініктер арқылы шебер бере білген. Уақыт кеңістігінің адам санасына ұялауының тағы да бір мағынасы – уақытты меншіктеу категориясы. Адам өз сенімінде уақытты өзіне бағындыруды мәңгілік майдан еткен.

Қарап қоямын айнасынан уақыттың,
Маңдайдағы тағдыр дейтін тақтаға.
[1;356.]

Уақыт бізді шынжырлап,
Жетектейді күнде алға. [2;206.]

Әдебиеттегі уақыт – көркем шығарманың поэтикалық категориясы. Уақыт – болмыс пен ойлаудың бір формасы. Көркем бейнені, образды, мінез-құлықты сомдауда жиі қолданылады. Бұл – сонау ежелгі әдебиет нұсқаларынан бері бар дүние. Әсіресе, эпостық жырларда батырлардың образын ашуда, олардың тұлпарларының шабысын беруде уақыт категориясы ерекше орын алған.

Қазақ поэзиясында өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап, уақыт өлшемі «күн», «беймезгіл», «бозала таң», «ақшам», «сәске», «ымырт» сияқты көптеген мезгілдік фразалық түрлерге бөлініп толыға түсті. Уақытты «дүние», «дәурен», «жалған», секілді балама түсініктер арқылы бере білу, ұлттық ұғымдардағы заттық болмыспен теңеу ерекше сипат берді.

Келсап – мезгіл
Келі – уақыт, көмейлі.
Сарғайдың ба, жасылсың ба демейді. [1;316.]

Поэзиядағы уақыт бірлігі, мәңгілік ұғымымен пара-пар, үндес келеді. Мәңгілік әлемнің өмір сүру уақытының шексіз ұзақтығы, оның шарты болса, ақиқатпен анықталады. Қазақ поэзиясында мәңгілік ақиқат тағы да уақыт өлшемі арқылы сараланған. Қазіргі поэзияда уақыттың объективті ақиқатын жырлау басымырақ деп айтуымызға болады.

ХХІ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы қоғам мен жаңа заман дамуын, жаңа қоғамдық құндылықтардың қалыптаса бастауын, жаңа мен ескінің психологиялық бейнесін, ұлттық саналық деңгейін өте шебер

жырлап келеді. Қазіргі поэзия – бүгінгі қазақ қоғамының көрінісін деп басады.

Мен тек қаңбақ боламын ба?
Заман – соққан боранда.
Өмір сүру қиын-ақ,
Жылуы жоқ қоғамда (С. Қамшыгер)

Заманның жүгі теңелмей баратқанда ауып,
Ит-өмір қоса жармасар балақтан қауып.
(Б. Беделхан ұлы)

Азат боп кірдік, я, Алла,
Алшаңдап басып мақтана,
«Алаш » деп жазып қақпаңа.
Жас ғасыр, жаңа замана! (М. Райымбекұлы)

Ғасырлар тоғысында қашанда болсын өзгерістер мен дүмпулер жиі болады. ХХІ ғасыр басындағы қазақ өлеңі өзгеше. Қазақ елінің тәуелсіздікке қолы жетіп, тегін жапқаннан бері поэзия еркін тыныс алып келеді. Оған қазіргі жастар поэзиясы – кұа.

Әлдекімдерден көрсең де әлі бір жәбір,
Тілегің сенің болады, бәрібір қабыл!...
Қайратың қашып, қайғырма, қаймана қазақ,
Тағдырың ауыр болғанмен, Тәңірің – әділ!.. –
деп жырлаған жас ақын Алмас Темірбай өлең өрнегін ары қоғамдағы түрлі өзгерістердің адам санасына ықпалын былайша өрбітеді:
Жын кетті,
Жалғыз көзін қысып кетті,
Қаламым қолымдағы түсіп кетті.
... Бір күні Жынға еріп кетер ме екем,
Табаным о, кәпір – ай, қышып кетті – [3;50б.]

деп қоғамдағы жақсы мен жаманды, яғни ауыспалы кезеңдегі дүниелерді жынға теңеп, «бір күні жынға еріп кетер ме екем» деген үрей арқылы көрсете білді.

«Заман» әлемдік мәдениетте жалпыға танымал, әмбебап ұғам болғанымен, түрлі этнос дүниеге түрліше көзқарастар, түрлі менталитеттер ретінде қандай да бір тіл иелерінің ойлау құрылымында өзіндік із қалдыратыны белгілі. «Заман» өзінің жалпы адамзаттық мағынасынан басқа да әрбір ұлт дүнетанымында ерекшеліктеріне ие болады да, ұлт өкілдерінің тілдерінде көрініс табады.

Қазақ дүниетанымында «заман» сөзі мейілінге бай мәдени фонға, оның ішінің құндылықты қабаты мол. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»:1) дәуір, кезең; 2) мерзім, уақыт деген мағыналар берген деген

мағыналары берілген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «заман» лексамасының «дәуір», «уақыт», «тарихи кезең», «дәурен» деген мағыналары берілген, қазақ тілінде «заман» көпмағаналы сөз болып табылады. Сонымен қатар, «заман» ұғымы қазақ тілінің фразеологиялық қорын да байытуға өзіндік үлесін қоса алды деп айтуымызға болады. Мысалы: Аласапыран заман. Жаугершілік, қатты дүрбелең уақыт. Заман ақыр. Қиыншылығы мол, тар кезең; зобалаң шақ. Заман кешті. Өмір сүрді, күн кешті. Заман туды. Күн туды, арманына жетті. Заманын тар қылды. Көрген күнін зар қылды; күнін қараң қылды. Заманы өтті. Күні, дәурені өтті, мезгілі өтті. Қой үстіне боз торғай жұмыртқалады. Тыныштық, бейбіт заман орнады. Қилы –қилы заман болды, қарағай басын шортан шалды. Ел басына туған қиыншылық кез туралы айтылды.

А. Ислам жалпы қазақ халқының танымындағы «заман» ұғымының алатын орнын былайшы түсіндіреді: заман ағымдылығымен қатар, әсіресе жағымсыз жағынан өзгермелілігімен де сипатталады, соған қарай, өткен уақытқа өкініш білінеді: дариға заман –ай (парсы тіл. «өкініш»). «Заманың түлкі болса тазы боларсың» тіркесі уақыттың заманның құбылмалығын адамның ішкі рухани дүниесінің өзгеруіне ықпал етіп, уақыт/заман ағымына сай болардай болу керек деген идеяны көрсетеді.

Қазіргі жастар поэзиясында уақыт/заман көрінісі негативті реңкте көрініс тапқан. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта қоғамдағы түрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік факторлар қазақ поэзиясында «заман» сөзінің кең палитрасын бере алды. Қазіргі қазақ поэзиясында «заман» сөзімен бейнелену арқылы мәдени – фондық белгілері де айқындалған. Айталық «заман» ұғымы шартты түрде белгілеріне байланысты үш түрлі қызметтік сфераға жіктеуге болады.

Кесте – 1 «Заман» ұғымының түрлі қызметтік сферасы.

Ұғымдық аясы, мағынасы	Белгілер сипаттамасы	Мысалдар
I. «Адам тұрмысы»	Заман жайында адамның тұрмыстық білімі (қорқыныш, өкініш)	Уақыт – құйын, боран – Артына бұрылмаған. Алдыңда жер қалмады, Тұзақ, тор құрылмаған. Әлі де тыйылмаған, Бұрынғы қиын заман. Жол кесіп батыраштар, Жасап жүр бұрын кадам. (А. Исаділ)
II. «Адамның	Әскери және Діни	Абыздай суық ақылы,

әлеуметтік әлемі»		Қобыздай ыстық нақылы. Тұранға сөзін сүздірген, Тарпаңға тисе тақымы. Құранға қосқан хадистей, Арқасы буса ақыны. Жас ғасыр, мені танысаң, Доспамбет болып табысам. (М. Райымбекұлы)
III. «Адамның сезімдік әлемі»	Мұң	Бетке алып ылғи ылдиды, Замана желі сырғиды,

		Көңілім кейде қобыз боп, Ыңылдатады кейде бір күйді. Қасыма келіп мұң- қайғы, Дос бол, деп маған ымдайды. Құлағын түріп жүрегім, Замана зарын тыңдайды.
	Негатив	Мен тек қаңбақ боламын ба? Заман – соққан боранда. Өмір сүру қиын-ақ, Жылуы жоқ қоғамда...С. Қамшыгер

Жастар поэзиясындағы бейнелі-поэтикалық дүниетанымында заман ұғымы – аумалы-төкпелі кезеңнің, қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайын көрсете білді.

«Заман» ұғымының поэтикалық бейнесі қазақ халқы үшін жағымды бағалаудан гөрі жағымсыз бағалауы басымдау. Жалпы, түрлі, қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірген қазақ халқының танымында

заман өте маңызды орын алып, түрлі бағаға ие болып, тілінде қилы көрініс тауып, адамның «рухани құндылықтарының» өркендеуіне, дамуына әсер ете алатын мәнде жұмсалған.

Кесте – 2

«Заман» ұғымының ХҮ- ХҮІІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэтикасында бейнелену арқылы да мәдени-фондық белгілерімен де байытылған. Айталық, «заман» концептісінің шартты түрде түрлі белгілеріне байланысты үш түрлі қызметтік сфераға жіктеуге болады.

Ұғымдық аясы, мағынасы	Белгілер сипаттамасы	Мысалдар
I. «Адам тұрмысы»	Заман жайында адамның тұрмыстық білімі (қорқыныш, өкініш)	Ай, заман-ай, заман-ай, Түсті мынау тұман-ай, Істің бәрі күман –ай! Баспақ – тана жиылып, Құл-құтандар жиылып, Құда болған заман-ай.

		Арғымағын жоғалтып, Тай жүгірткен заман-ай (Бұхар жырау)
II. «Адамның әлеуметтік әлемі»	Әскери және Діни	Қилы, қилы заман болмай ма, Суда жүрген ақ шортан Қарағай басын шалмай ма?! (Асан Қайғы)
III. «Адамның сезімдік әлемі»	Позитив	Бозбаламен күліп, ойнап, Қымыз ішер күн қайда! (Доспамбет) Замана зарын тыңдайды.
	Негатив	Азматың құлапты Жұрт талық болған заман-ай (Бұхар жырау)

Ақын-жыраулардың бейнелік-поэтикалық дүниетанымында заман бейнесі – аумалы-төкпелі кезеңнің, қазақ халқының ұзаққа созылған жаугершілік өмірін танытатын ұғым болып табылады. Дегенімен, сол кезде де (ХҮ- ХҮІІІ) және қазіргі кезде де орын алған саяси, мәдени, әлеуметтік оқиғалар салдарынан, әр авторлық дүниетаным призмасы арқылы ғайта ұғынылып, поэтикалық мәтіндерде ерекше, индивидуалды реңкке ие болады.

Әдебиетші ғалым, академик З. Қабдолов былай дейді «Ақынның ішкі дүниесінің сыртқы себептермен, жалпы ақиқат шындықтың әсерімен

аса қатты толқынуы, автордың өз басының алуан-алуан нәзік түйсіктері, күйініш-сүйініші тән болып келеді. Ақын басынан кешкен сезім, ақын басында болған түрлі-түрлі толғаныс – субъективті нәрсе; бірақ, сонымен қатар кәдімгі объективті дүниенің әсері. Ақынның көңіл күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас» [5; 70 б.]

Әдебиеттің ауқымды кезеңдерінің бірі ретінде танылатын тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының да поэтикалық тұлғасын жасайтын әдеби көркемдіктердің тұтастығы ақындарымыздың өзіндік сөз қолдану, түрлендіру, құбылту, ауыстырудағы жетістіктерімен ерекшеленетін айту керек. Бір өлеңнің бойында қолданатын бәрнеше көркемдіктің тұтастығы өлеңнің баяндаушылық немесе қарапайым ауызекі қолданыстағы бос сөздерден айырып, суреткерлікке, образдылыққа, терең мағынаға мән беруге итермелейді. Демек, тәуелсіздік кезеңіндегі шығармалардағы осы кезеңнің тарихи-әлеуметтік мазмұнының көрінісі ғана емес, әдеби тілдік көркемдігінің де кең қолдансықа түскендігін, ой еркіндігінің жаңа ой, сөз тудырудағы мүмкіндігі мол.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Алдияр Бақытжан. Қазығұрттың қоңыры / Бақытжан Алдияр. – Алматы: Жалын, 2012. – 95 б.
- 2 Исаділ Алмат. Көңіл алаң / Алмат Исаділ. – Алматы: Жалын, 2008. – 107 б.
- 3 Қамшыгер Саят. Жүректегі ағыстар / Саят Қамшыгер. – Алматы: Жалын, 2008. – 89 б.
- 4 Әскербекқызы Жанат. Қаракөз – бұлақ / Жанат Әскербекқызы. – Астана: Елорда, 2001. – 105 б.
- 5 Райымбекұлы Маралтай. Ай / Маралтай Райымбекұлы. – Алматы: Жазушы, 2001. – 67 б.
- 6 Темірбай Алмас. Мың бір мұң / Алмас Темірбай. – Алматы: Жалын, 2008. – 79 б.
- 7 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық / З. Ахметов. – Астана: Фолиант, 2002. – 165 б.

А. Абыр¹

¹ Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

ВИДЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация: Анализ становления и развития современного

общества за годы Независимости Республики Казахстан широко представлен в современной поэзии страны. Всем известно, что за годы Независимости нашего народа неоднократно поднимался вопрос о том, нужна ли литература обществу или нет. Сам факт существования данного вопроса свидетельствовал о снижении значения духовных ценностей. Наряду с совершенствованием и влиянием социальной психологии на каждого члена общества, необходимо учитывать влияние как внутренних, так и внешних факторов на формирование личности, на развитие литературы.

Ключевые слова: поэзия, литература, общество, личность, психология.

Abiy A.¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

Abstract: Analysis of the formation and development of modern society in the years of Independence of the Republic of Kazakhstan is widely represented in the country's modern poetry. Everyone knows that has been repeatedly raised the question of whether or not a society literature is needed for the years of independence of our nation. The very existence of this issue testified reducing the value of spiritual values. Along with the improvement and the impact of social psychology to every member of society, it is necessary to consider the impact of both internal and external factors on the formation of personality in the development of literature.

Key words: poetry, literature, society, personality, psychology.